

Жоғары технологиялар инженериясы институты
Энергетика кафедрасы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС ЖЕТЕКШІСІНІҢ ПІКІРІ

Диплом
қорғаушы

Айтбаев Бауыржан Амангелдіұлы

(аты-жөні)

Тақырыбы

**Электр торабын есептеу және
трансформаторлардың трансформация
коэффициенттерін автоматты реттеу**

*Дипломдық жұмыстың түсіндірмелік жазбасы 3
бөлімнен құрылған.*

*Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде 220 кВ қосалқы
станцияның электр торабы есептелді. Жоба барысында
қосалқы станциялардың параметрлері және олардың
реактивті қуаттары, желінің қимасы есептеліп маркасы таңдалды.
ажыратқыштар таңдалған.*

*Арнайы бөлімінде трансформаторлардың трансформация
Коэффициенттерін автоматты реттеу қарастырылды.
Берілген тапсырманы орындау барысында Айтбаев Б. дипломдық
жұмысты тақырыбына сәйкес толық көлемде орындады және өзін
сауатты, электр тораптарын жобалау мәселелерін өз бетімен шеше
алатын, техникалық әдебиетпен жұмыс істей алатын
маман ретінде көрсете білді.*

*Дипломдық жұмыс «95б», «А», «өте жақсы» деп бағаланады,
ал студент Айтбаев Бауыржан Амангелдіұлы 5B071800 – Электр
энергетикасы мамандығы бойынша техника және технологиялар
бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.*

Жетекші

ассоц.профессор, техн.ғыл.канд.

(ғылыми атағы, дәрежесі)

(қолы)

Ақпанбетов Д.Б.

(аты-жөні)

«11» 05 2019 жыл

Студент

Айтбаев Бауыржан
(аты-жөні)

**Дипломдық жұмысына
П І К І Р**

Мамандық

5B071800 – Электр энергетикасы

Дипломдық жұмыс тақырыбы

Электр торабын есептеу және трансформаторлардың трансформация коэффициенттерін автоматты реттеу

- а) графикалық бөлімі 9 слайд Power point форматында;
б) түсініктемелік жазба 48 бет.

Дипломдық жұмыс бойынша ескертулер

Дипломдық жұмысты негізгі, арнайы бөлімдер, еңбекті қорғау бөлімдері құрайды. Негізгі бөлімде кернеуі 220 кВ қосалқы станцияның электр торабы есептелді. Жоба барысында қосалқы станциялардың параметрлері және олардың реактивті қуаттары, желінің қимасы есептелді. Арнайы бөлімде трансформаторлардың трансформация коэффициенттерін автоматты реттеу қарастырылды. Еңбек қорғау бөлімінде қауіпсіздік жөніндегі сұрақтар қарастырылып, найзагайдан қорғау аймағына есептеулер жүргізілді.

Ескерту:

- 1) Электр жабдықтарды таңдау барысында тиімділіктері туралы ақпарат келтірілмеген.
1) Арнайы бөлімде тақырыбына сай теориялық мағлұматтар басым, келтірілген экономикалық тиімділік бойынша есептеулер жеткіліксіз.

Дипломдық жұмыстың бағасы

Дипломдық жұмыс «95б», «А», «өте жақсы» деп бағаланады, ал студент Айтбаев Бауыржан электрэнергетика мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Пікір беруші

Қызметі



Алмұратова Н.Қ.
(аты-жөні)

Алматы энергетика және байланыс университеті
«Электр машиналар және электр жетегі» кафедрасының доценті, PhD

«10» мамыр 2019 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

Айтбаев Бауыржан Амангелдіұлы

Электр торабын есептеу және трансформаторлардың трансформация
коэффициенттерін автоматты реттеу

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071800 – Электроэнергетика

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ


Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі м.а.

PhD докторы, ассистент профессор

 Е.А. Сарсенбаев

« 8 » 05 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Электр торабын есептеу және трансформаторлардың трансформация коэффициенттерін автоматты реттеу»

5B071800 – Электроэнергетика мамандығы бойынша

Орындаған

Айтбаев Б.А.

Пікір беруші

АЭЖБУ “Электр машиналары және электр жетегі” кафедрасының
доценті, PhD

 Алмуратова Н.К.

« 10 » 05 2019 ж.

Ғылыми жетекші

PhD доктор, сениор-лектор

 Ақпанбетов Д.Б.

« 11 » 05 2019 ж.

Алматы 2019
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты
Энергетика кафедрасы
5B071800 – Электроэнергетика

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі м.а.

PhD докторы, ассистент профессор

 Е.А. Сарсенбаев

«28» 01 2019 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Айтбаев Бауыржан Амангелдіұлы*

Тақырыбы *«Электр торабын есептеу және трансформаторлардың трансформация коэффициенттерін автоматты реттеу»*

Университет ректорының 2018ж. «15» желтоқсандағы № 1544-а бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «25» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістер: $P_1=50$ МВт, $P_2=30$ МВт, $P_3=40$ МВт, $L_1=30$ км, $L_2=20$ км, $L_3=40$ км, $L_5=170$ км, $\cos =0.9$, $K_x=$, $T_{max}=5700$, .

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформаторлар таңдау және оларды есептеу;

б) Ажыратылған және тұйықталған жүйелері үшін қуат таралуын және электр беріліс желілерінің максималды жүктемелеріндегі алмастыру схемасы;

в) Арнайы бөлім. Трансформаторлардың трансформация коэффициенттерін автоматты реттеу;

г) Шу мен діріл және найзағайдан қорғауды есептеу;




Сызбалық материалдар тізімі Сызбалық материалдар слайдпен көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер 6 атау


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кернеуі 220 кВ электр торабын жобалау	22.02.19	ӘЖ
Трансформация коэффициенті	29.03.19	ӘЖ
Еңбек қорғау және қауіпсіздік	25.04.19	ӘЖ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Д. Б. Ақпанбетов Доктор PhD, сениор-лектор		
Экономика бөлімі	Д. Б. Ақпанбетов Доктор PhD, сениор-лектор		
Норма бақылау	А.О. Бердибеков, сениор-лектор	06.05.2019	

Ғылыми жетекші



Д.Б. Ақпанбетов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Б.А. Айтбаев

Күні

« 10 » 05 2019 ж.

АҢДАТПА

Осы дипломдық жұмыста кернеуі 220 кВ қосалқы станцияның тұтынушыларын қоректендіруші электр торабы және трансформаторлардың трансформациялық коэффициенттерін автоматты реттеу қарастырылып отыр. Жұмыстың құрамына электр беріліс желісінің кернеуін анықтау, қосалқы станцияларға трансформатор тандау, тұйықталған және ажыратылған жүйеде қуаттын есептеу, ТКАР-дың блогы және параметрлерін есептеу кіреді. Сонымен қатар дипломдық жұмыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі сұрақтар да қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном работе предусматривается автоматическое регулирование коэффициентов трансформации трансформаторов и расчет электрических сетей, питающих потребителей подстанции напряжением 220 кВ. В состав работ входят определение напряжения линии электропередачи, выбор трансформаторов на подстанции, расчет мощности в замкнутой и отключенной системе, блоки АРКТ и расчет параметров. Также были рассмотрены вопросы безопасности и охраны труда в дипломной работе.

ANNOTATION

In this thesis work, provide an automatic adjustment of the coefficients of transformation of transformers and calculation of electrical networks that feed consumers of the substation with voltage of 220 kV. Scope of work included determination of the voltage of transmission lines, selection of transformers at the substation, calculation of power in a closed-off systems, the blocks of day and calculation of parameters . Also, the issues of safety and labor protection in the thesis were considered.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Негізгі бөлім	8
1.1	Электр беріліс желісінің сұлбасын құру нұсқалары	8
1.2	Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін анықтау	10
1.3	Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформаторлар таңдау	11
1.3.1	Қосалқы станциялардың реактивті қуатын анықтау	12
1.4	Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу	13
1.5	Тұйықталған жүйе учаскісіндегі қуат таралуын есептеу	16
1.6	Электр беріліс желілерінің қималарын есептеу және маркасын таңдау	18
1.7	Ажыратылған жүйе учаскісіндегі қуат таралуын есептеу	24
1.8	Тұйықталған жүйе үшін электр беріліс желілерінің максималды жүктемелердегі алмастыру схемасы және шығындары	25
1.9	Желідегі қысқа тұйықталу тогын табу және параметрлеріне сәйкес аппараттар таңдау (Қ Т)	26
1.10	Есептелген параметрлер бойынша электр аппараттарын таңдау	30
1.11	Әуе электр беріліс желісі үшін тірек материалын таңдау	32
2	Трансформация коэффициентін автоматты реттеу (ТКАР)	34
2.1	Трансформация коэффициентін автоматты реттеу ерекшеліктері	35
2.2	Трансформаторлардың трансформация коэффициенттерін автоматты реттеу құрылымы	37
2.3	Трансформация коэффициентін автоматты реттеу блогы	41
2.4	ТКАР параметрлерін есептеу	41
3	Электр қауіпсіздігі	44
3.1	Найзағайдан қорғауды есептеу	45
	Қорытынды	47
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	48

КІРІСПЕ

Электр энергетикалық жүйелердің негізгі ерекшелігі, ондағы электр энергияның өндірілуі және тұтынылуы бір мезгілде болуы керек. Электр станциялармен әрбір мезгілде өндірілетін энергия, сол уақытында пайдаланылуы керек. Пайдалану графигі үнемі өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер бір топ электрді тұтынушылардың жұмыс режиміне байланысты. Электр тұтынушыларға жататындар: электрмен жарықтану лампалары, тұрмыстағы және өндірістегі қыздыру аспаптары, электр қозғалтқыштары, өндірістік электр пеші, электрондық қондырғылары, электротермиялық және электрмен пісіру қондырғылары, ауа баптағыштары мен тоңазытқыштар, радио және телеқондырғылар, дәрігерлік және басқа да арнайы қондырғылар. Сонымен қатар, электр энергияны өндіріс кәсіпорындары, электрлендірілген тасымалдау көлігі, ауыл шаруашылығы, үй-жай шаруашылығы мен тұрмыстық тұтынушылар, электр станциялардың өзіндік мұқтаждары пайдаланады. Қалалардың, ауылдардың және өндірістердің электр энергияны тәулігіне, айына және жылына пайдаланулары бір қалыпты емес. Оның себебі, кәсіпорындары бар, екі және үш кезекпен жүктеменің әр түрлі деңгейімен жұмыс істейді. Тағы да ескеретін мәселелер, олардың кезектерінің арасында үзіліс болады, жаз күндерінде, мейрамдарда және демалыс күндері тұтынушылардың жұмыс режимі әр түрлі. Жүктеменің графигіне ауаның температурасы да әсерін тигізеді. Сөйтіп, электр қабылдағыштардың және бір топ электр тұтынушылардың жұмыс режимі олардың түрлеріне, атқаратын қызметтеріне және оларды пайдалану тәртібіне байланыст. Жұмыс режимі тәулік сағаттарында және жылдың айларында өзгеріп тұрады. Осы өзгерістерге сәйкесті электр станциялардағы және энергетикалық жүйенің әрбір бөлігінде жүктемелер өзгеріп тұрады.

1 Негізгі бөлім

1.1 Электр беріліс желісінің сұлбасын құру нұсқалары

Әртүрлі объектілерінің жұмыс істеу жағдайларының алуан түрлілігі олардың электрмен жабдықтау схемасының алуан түрлі болуына себепші болады. Тұтынушылардың қоректену схемалары энергия көзінің қашықтығына, берілген ауданның электрэнергетика жабдықтаудың жалпы схемасына, тұтынушылардың территориялық орналасуымен олардың қуатына, сенімділіген қойылатын талаптарға және т.б. тәуелді. 1-кестеде тораптың берілген мәндері көрсетілген.


1.1-кесте-тораптың мәндері

Қосалқы станциялардың қуаты, МВт	P1	50
	P2	30
	P3	40
Ұзындығы, км	L1	30
	L2	20
	L3	40
	L5	170
Қуат коэффициенті, $\cos\varphi$	0,9	
Мұз кату ауданы	II	
Максималды жұмыс уақыты T_{\max} , сағ	5700	

1-кесте бойынша P1-P3 - қосалқы станциялардың максималды жүктемелері, L1-L5 - желі ұзындықтары

$T_{\max}=5700$ сағ - Максималдық жүктеменің жылдық сағаты.

Осы дипломдық жобада мен қарасырған тұйықталған желі. Онда бізге, экономикалық жағынан тиімді және тұтынышыларға электр қуатын үзіліссіз таратуды қамтамасыз ету, электр энергияны аймақтарға сенімді және тиімді тарату басты мақсат болып келеді. Осыған байланысты бізге ең тиімді сұлба таңдау басты шарттардың біріне кіреді. Тұйықталған желілер айналмалы желілер болып келеді. Олар бір ғана контур құрайды. Оның артықшылығы желінің бір учаскесі үзілгенде желі басқа учаскіден қоректену береді, яғни жоғары дәрежеде тұтынышыларға электр таратудың сенімділігі. Сонымен қатар қуаттың аз шығындары. Тұйықталған желінің сұлбасы 1-суретте көрсетілген.



1.1-сурет - Жобаланатын электр торабының сұлбасы

1.2 Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін анықтау

Бұл дипломдық жұмыста кернеуді Стилл формуласы бойынша анықтаймыз. Стилл формуласы электр беріліс желісінің ұзындығы 200 км-ге дейін болғанда және тасымалдау қуаты 60 МВт дейін болғанда қолданылады. Стилл формуласы келесідей анықталады:

$$U = 4.34\sqrt{L + 16P}$$

мұндағы P -активті қуат,
 L -желінің ұзындығы,
 U -желінің кернеуі.

$$U_1 = 4.34\sqrt{30 + 16 \cdot 50} = 125 \text{ кВ} \approx 220 \text{ кВ}$$

$$U_2 = 4.34\sqrt{20 + 16 \cdot 30} = 97 \text{ кВ} \approx 110 \text{ кВ}$$

$$U_3 = 4.34\sqrt{40 + 16 \cdot 37} = 109.12 \text{ кВ} \approx 110 \text{ кВ}$$

4-ші қосалқы станциямен 3-ші қосалқы станцияның арасындағы тасымалданатын қуат мәні Стилл формуласының шартына сәйкес келмейтіндіктен Илларионов формуласымен анықталады. Илларионов формуласы электр беріліс желісінің ұзындығы 1000 км-ге дейін және тасымалданатын қуат 60 МВт-тан жоғары болғанда қолданылады.

$$U_4 = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{L} + \frac{2500}{P}}} = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{170} + \frac{2500}{117}}} = 204 \text{ кВ} \approx 220 \text{ кВ}$$

Кернеу шығындары келесі формуламен анықталады:

$$\Delta U = \frac{P \cdot r_0 \cdot L + Q \cdot x_0 \cdot L}{U_{\text{НОМ}}}$$

Мұндағы r_0 - меншікті активті кедергі, Ом/км; $r_0 = 0.2$ Ом.

x_0 - меншікті реактивті кедергі, Ом/км; $x_0 = 0.4$ Ом.

$$\Delta U_1 = \frac{50 \cdot 0.2 \cdot 30 + 24 \cdot 0.4 \cdot 30}{220} = 2.6 \text{ кВ}$$

$$\Delta U_2 = \frac{30 \cdot 0.2 \cdot 20 + 14.4 \cdot 0.4 \cdot 20}{110} = 2.1 \text{ кВ}$$

$$\Delta U_3 = \frac{37 \cdot 0.2 \cdot 40 + 17.6 \cdot 0.4 \cdot 40}{110} = 5.2 \text{ кВ}$$

$$\Delta U_4 = \frac{120 \cdot 0.2 \cdot 170 + 58 \cdot 0.4 \cdot 170}{220} = 36.4 \text{ кВ}$$

1.3 Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформаторлар таңдау

Электр торабының сұлбасына сәйкес екі трансформаторлы қосалқы станция қолданылады, онда трансформатордың қуаты келесі формулалар бойынша есептеледі:

$$S_{\text{ec}} = \frac{P}{\cos \varphi}$$

мұндағы P - активті жүктеме, МВт

$\cos \varphi$ – қуат коэффициенті.

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ec}}}{2 \cdot 0.7}$$

мұндағы S_{ec} - толық жүктеме;

$S_{\text{тр}}$ - трансформатордың қуаты.

1-қосалқы станция үшін

$$S_1 = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{50}{0.9} = 55.5 \text{ МВА}$$

$$S_{\text{тр}} = \frac{S_1}{1.4} = \frac{55.5}{1.4} = 39.6 \text{ МВА}$$

2-қосалқы станция үшін

$$S_2 = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{30}{0.9} = 33.3 \text{ МВА}$$

$$S_{\text{тр}} = \frac{S_2}{1.4} = \frac{33.3}{1.4} = 23.7 \text{ МВА}$$

3-қосалқы станция үшін

$$S_3 = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{37}{0.9} = 41.1 \text{ МВА}$$

$$S_{\text{тр}} = \frac{S_3}{1.4} = \frac{41.1}{1.4} = 29.3 \text{ МВА}$$

Бас таратушы қосалқы станция үшін

$$S_5 = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{120}{0.9} = 133.3 \text{ МВА}$$

$$S_{\text{тр}} = \frac{S_5}{1.4} = \frac{133.3}{1.4} = 95.2 \text{ МВА}$$

1.3.1 Қосалқы станциялардың реактивті қуатын анықтау

Реактивті қуатты келесі формуламен анықтаймыз:

$$Q_{ij} = \sqrt{S_n^2 - P_n^2}$$

$$Q_1 = \sqrt{S_1^2 - P_1^2} = \sqrt{55.5^2 - 50^2} = 24 \text{ Мвар}$$

$$Q_2 = \sqrt{S_2^2 - P_2^2} = \sqrt{33.3^2 - 30^2} = 14.4 \text{ Мвар}$$

$$Q_3 = \sqrt{S_3^2 - P_3^2} = \sqrt{41.1^2 - 37^2} = 17.6 \text{ Мвар}$$

$$Q_5 = \sqrt{133.3^2 - 120^2} = 58 \text{ Мвар}$$

3-ші желінің қуаты басқа желілермен байланысып, арада шығын болған себептен мен берілген 40 МВт қуаты шығын болдырмас үшін 37 МВт деп қуат бердім.

Келесідей трансформаторлар таңдалды: 1-ші қосалқы станция үшін ТРДНС-40000/220 типті, 2 – ші және 3 - ші қосалқы станциялар үшін ТРДН-32000/110 типті трансформатор, 4-ші қосалқы станция үшін АТДТНГ-125000/220/110 типті автотрансформатор таңдалды.

1.2-кесте. Таңдалған трансформатордың параметрлері

Трансформатор типі	$S_{\text{НОМ}}$ МВА	$U_{\text{ВН}}$ кВ	$U_{\text{НН}}$ кВ	$P_{\text{к.т}}$ кВт	$P_{\text{б.ж}}$ кВт	$U_{\text{к}} \%$	$I_{\text{х}} \%$
ТРДНС-40000/220	40	230	6.3	170	50	11,5	0.6
ТРДН-32000/110	32	115	6.3	145	32	10.5	0.7
АТДТНГ 125000/220/110	125	230	6.6	290	80	11	0.5

1.4 Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу

Трансформаторлардың кедергілері мен шығындары төмендегі формулалармен есептелінеді:

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{к.т}} \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}^2}$$

Әр орамның реактивті кедергісін анықтаймыз:

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}}$$

Қуат коэффициенті бойынша толық қуатты және реактивті қуатты анықтаймыз:

$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R$$

$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X$$

$$P' + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q)$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 \cdot S_{\text{н}}}{100}$$

1-ші қосалқы станция үшін ТРДНС-40000/220 типті трансформаторының параметрлері былайша анықталады:

ТРДНС-40000/220 типті трансформатордың кедергілерін анықтау

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{к.т}} \cdot U_{\text{н}}^2}{1000 \cdot S_{\text{н}}^2} = \frac{170 \cdot 230^2}{1000 \cdot 40^2} = 5.6 \text{ Ом}$$

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} = \frac{11.5 \cdot 230^2}{100 \cdot 40} = 152 \text{ Ом}$$

$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R = \frac{50^2 + 24^2}{230^2} \cdot 5.6 = 0.28 \text{ МВА}$$

$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X = \frac{50^2 + 24^2}{230^2} \cdot 152 = 7.6 \text{ Мвар}$$

$$P' + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (50 + 0.28) + j(24 + 7.6) \\ = 50.28 + j31.6 \text{ МВА}$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 \cdot S_H}{100} = \frac{0.6 \cdot 40}{100} = 0.24 \text{ Мвар}$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{б.ж}} = 50 \text{ кВт} = 0.050 \text{ МВт}$$

$$\Delta P_1'' + jQ_1'' = (50.28 + 0.050) + j(31.6 + 0.24) = 50.78 + j31.84$$

2-ші және 3-ші қосалқы станциялар үшін ТРДН-32000/110 типті трансформатордың параметрін анықтау

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{к.т}} \cdot U_H^2}{1000 \cdot S_H^2} = \frac{145 \cdot 115^2}{1000 \cdot 32^2} = 1.87 \text{ Ом}$$

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_H^2}{100 \cdot S_H} = \frac{10.5 \cdot 115^2}{100 \cdot 32} = 43.39 \text{ Ом}$$

$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{45^2 + 16^2}{115^2} \cdot 1.87 = 0.32 \text{ МВА}$$

$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{45^2 + 16^2}{115^2} \cdot 43.39 = 7.5 \text{ Мвар}$$

$$P' + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (40 + 0.32) + j(16 + 7.5) \\ = 45.32 + j23.5 \text{ МВА}$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 \cdot S_H}{100} = \frac{0.7 \cdot 32}{100} = 0.22 \text{ Мвар}$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{б.ж}} = 32 \text{ кВт} = 0.032 \text{ МВт}$$

$$\Delta P_1'' + jQ_1'' = (45.32 + 0.032) + j(23.5 + 0.22) = 45.35 + j23.72$$

4-ші қосалқы станция үшін АДТНГ-125000/220/110 типті автотрансформаторының параметрлерін анықтау

АДТНГ-125000/220/110 типті автотрансформаторының кедергілерін анықтау:

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{к.т}} \cdot U_H^2}{1000 \cdot S_H^2} = \frac{290 \cdot 230^2}{1000 \cdot 125^2} = 0.98 \text{ Ом}$$

$$R_1 = R_2 = R_3 = 0.5 \cdot R_{\text{тр}} = 0.5 \cdot 0.98 = 0.49 \text{ Ом}$$

Әр фазаның қысқа тұйықталу кернеулері анықталады:

$$U_{\text{к1}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{жк-ок})} + U_{(\text{жк-тк})} - U_{(\text{ок-тк})}) = 0.5 \cdot (11 + 31 - 19) = 11.5\%$$

$$U_{\text{к2}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{ок-тк})} + U_{(\text{жк-ок})} - U_{(\text{жк-тк})}) = 0.5 \cdot (19 + 11 - 31) = -0.2\%$$

$$U_{\text{к3}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{жк-тк})} + U_{(\text{ок-тк})} - U_{(\text{жк-ок})}) = 0.5 \cdot (31 + 19 - 11) = 19.5\%$$

$$X_1 = \frac{11.5 \cdot 230^2}{100 \cdot 125} = 48.66 \text{ Ом}$$

$$X_2 = \frac{0 \cdot 230^2}{100 \cdot 125} = 0 \text{ Ом}$$

$$X_3 = \frac{19.5 \cdot 230^2}{100 \cdot 125} = 82.52 \text{ Ом}$$

Автотрансформатордың активті, реактивті қуаттарын анықтау;

$$S = \frac{46.8}{0.9} = 52 \text{ МВА}$$

$$Q = \sqrt{52^2 - 46.8^2} = 22.6 \text{ МВАР}$$

$$S_{50} = \frac{70.2}{0.9} = 78 \text{ МВА}$$

$$Q_{50} = \sqrt{78^2 - 70.2^2} = 34 \text{ Мвар}$$

$$\Delta P_{33} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R = \frac{46.8^2 + 22.6^2}{230^2} \cdot 0.49 = 0.02 \text{ МВт}$$

$$\Delta Q_{33} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X = \frac{46.8^2 + 22.6^2}{230^2} \cdot 82.52 = 4.2 \text{ Мвар}$$

$$P_{33} + jQ_{33} = (46.8 + 0.02) + j(22.6 + 4.2) = 46.82 + j26.8 \text{ МВА}$$

$$\Delta P_{32} = \frac{70.2^2 + 34^2}{230^2} \cdot 0.49 = 0.05 \text{ МВт}$$

$$\Delta Q_{32} = \frac{70.2^2 + 34^2}{230^2} \cdot 0 = 0 \text{ Мвар}$$

$$P_{32} + jQ_{32} = (70.2 + 0.05) + j(34 + 0) = 70.25 + j34$$

$$P_{31} + jQ_{31} = (46.82 + 70.25) + j(26.8 + 34) = 117.07 + j60.8$$

$$\Delta P_{31} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{117.07^2 + 110^2}{230^2} \cdot 0.49 = 0.23 \text{ МВт}$$

$$\Delta Q_{31} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{117.07^2 + 110^2}{230^2} \cdot 48.66 = 23.73 \text{ Мвар}$$

$$P_4 + jQ_4 = (117.07 + 0.23) + j(60.8 + 23.73) = 117.3 + j133.73$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{б.ж}} = 0.080 \text{ МВт}$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 \cdot S_H}{100} = \frac{0.5 \cdot 125}{100} = 0.625 \text{ Мвар}$$

$$\Delta P_4 + j\Delta Q_4 = (117.3 + 0.080) + j(133.73 + 0.625) = 117.38 + j134.355$$

1.5 Тұйықталған жүйе учаскісіндегі қуат таралуын есептеу

Тұйықталған жүйенің электр желісіндегі активті және реактивті қуат ағынын қарастырған кезде тұйықталған желі 2 жақтан қоректендірілетін желі ретінде қарастырылады.

Қуат ағынын есептеу келесі формулалар арқылы жүргізіледі

$$P_A = \frac{P_1(L1) + P_2(L1 + L2) + P_3(L1 + L2 + L3)}{L1 + L2 + L3 + L4};$$

$$Q_A = \frac{Q_1(L1) + Q_2(L1 + L2) + Q_3(L1 + L2 + L3)}{L1 + L2 + L3 + L4};$$

$$P'_A = \frac{P_3(L4) + P_2(L4 + L3) + P_1(L4 + L3 + L2)}{L1 + L2 + L3 + L4 + L5};$$

$$S_A = P_A + jQ_A$$

$$S'_A = P'_A + jQ'_A$$

Қуат ағынын есептеудің дұрыстығын тексеру шарты:

$$P_A + P'_A = P_1 + P_2 + P_3$$

$$Q_A + Q'_A = Q_1 + Q_2 + Q_3$$

Желінің екі жақтан қоректендіруші қорек көзінің қуаттары төмендегі формулалар арқылы есептеледі:

$$P_A = \frac{50 \cdot 30 + 30 \cdot 50}{90} = 33.3 \text{ МВт}$$

$$Q_A = \frac{24 \cdot 30 + 14.4 \cdot 50}{90} = 16 \text{ МВАр}$$

$$P'_A = \frac{30 \cdot 40 + 50 \cdot 60}{90} = 46.6 \text{ МВт}$$

$$Q'_A = \frac{14.4 \cdot 40 + 24 \cdot 60}{90} = 18.13 \text{ МВАр}$$

$$S_A = 33.3 + j 16$$

$$S'_A = 46.6 + j 18.13$$

$$P_A + P'_A = 33.3 + 46.6 = 79.9 \text{ МВт}$$

$$P_1 + P_2 = 50 + 30 = 80 \text{ МВт}$$

$$Q_A + Q'_A = 16 + 18.13 = 34.13 \text{ МВАр}$$

$$Q_1 + Q_2 = 24 + 14.4 = 38.4 \text{ МВАр}$$

$$S_{12} = S'_A - S_2 = 46.6 + j 18.13 - 30 - j 14.4 = 16.6 + j 3.73$$

$$S_{\text{ТОЛ}} = S_A + S'_A = 33.3 + j 16 + 46.6 + j 18.13 = 79.9 + j 34.13$$

1.6 Электр беріліс желілерінің қималарын есептеу және маркасын таңдау

Сымның қимасы есептік токты анықтау арқылы токтың экономикалық тығыздығы шартына тексеру арқылы анықталады. Желінің әрбір бөлігіндегі токтары анықталады, ол тасымалданатын қуат пен кернеуге байланысты келесідей табылады:

$$I_{ec} = \frac{S_{ном}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}},$$

$$I_{01} = \frac{\sqrt{79.9^2 + 34.13^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 22 \text{ A}$$

$$I_{12} = \frac{\sqrt{1.6^2 + 2.13^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 13 \text{ A}$$

$$I_{23} = \frac{\sqrt{33.3^2 + 16^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 19 \text{ A}$$

$$I_{31} = \frac{\sqrt{46.6^2 + 18.13^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 131 \text{ A}$$

Экономикалық қиманы таңдау келтірілген шығынның минималды шығындары болып табылады. Келтірілген шығынның минималды мәніне сәйкес келетін қима – экономикалық қима деп аталады. Экономикалық қима токтың экономикалық тығыздықтары нормаланған мәніне сай таңдалады.

$$S_{эк} = \frac{I}{j_{эк}},$$

мұндағы $j_{эк}$ – токтың экономикалық тығыздығы, ол ($j_{эк}=1,5\text{A}/\text{мм}^2$) тең.

$$S_{эк01} = \frac{22}{1.5} = 14.6 \text{ мм}^2$$

Табылған мәнге сәйкес АС-16/2.7 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{доп} = 111 \text{ A}$$

Сымның қимасы есептеледі

$$S_{\text{эк12}} = \frac{13}{1.5} = 8.6 \text{ мм}^2$$

Табылған мәнге сәйкес АС-10/1.8 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 84 \text{ А}$$

Сымның қимасы есептеледі

$$S_{\text{эк23}} = \frac{19}{1.5} = 12.6 \text{ мм}^2$$

Табылған мәнге сәйкес АС-16/2.7 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 111 \text{ А}$$

Сымның қимасы есептеледі

$$S_{\text{эк31}} = \frac{131}{1.5} = 87.3 \text{ мм}^2$$

Табылған мәнге сәйкес АС-95/16 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 330 \text{ А}$$

1.3 – кесте - Таңдалған сым маркасы мен есептелген қиманың мәні туралы мәліметтер

Аймақтар	$I_{\text{ес}}$, А	$S_{\text{эк34}}$, мм ²	Сым маркасы, мм ²	$I_{\text{доп}}$, А
0-1 , L=170км	22	14.6	АС-16/2.7	111
1-2, L=30км	13	8.6	АС-10/1.8	84
2-3, L=20км	19	12.6	АС16/2.7	111
3-1, L=40км	131	87.3	АС-95/16	330

Электр беріліс желісінің салыстырмалы параметрлерін анықтау.
Сымның параметрлері келесідей анықталады:
Меншікті активті кедергі, Ом/км

$$r_0 = \frac{\rho}{S}. \quad (1.1)$$

Сымның радиусы, мм

$$r_{\text{сым}} = \frac{D_{\text{сым}}}{2}. \quad (1.2)$$

Меншікті реактивті кедергі, Ом/км

$$x_0 = 0,144 \cdot \lg \left(\frac{D_{\text{opt}}}{r_{\text{сым}}} \right) + 0,0157. \quad (1.3)$$

Меншікті реактивті өткізгіштік, См/км

$$b = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{opt}} / r_{\text{сым}})}. \quad (1.4)$$

Сымдарның арасындағы орташа геометриялық арақашықтық мынаған тең

$$D_{\text{opt}} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}}. \quad (1.5)$$

Тұйықталған желінің кедергілерін келесі формулалар арқылы есептеледі.

Желінің активті кедергісін келесі формула арқылы есептеледі

$$R_i = r_0 \cdot l. \quad (1.6)$$

Желінің реактивті кедергісін келесі формула арқылы есептеледі

$$X_i = r_0 \cdot l. \quad (1.7)$$

Желінің реактивті өткізгіштігін келесідей есептеледі

$$B_i = b_0 \cdot l. \quad (1.8)$$

Желінің соңындағы зарядтық қуатты келесі формуламен есептеледі

$$Q_{ci} = \frac{1}{2} \cdot U_{ном}^2 \cdot B_i. \quad (1.9)$$

0-1 аймағы үшін салыстырмалы параметрлері есептелінеді

$$r_{01} = \frac{31.52}{16} = 1.97 \text{ Ом/км}$$

$$r_{сым\ 01} = \frac{5.6}{2} = 2.8 \text{ см}$$

$$D_{орт\ 01} = \sqrt[3]{8 \cdot 8 \cdot 8} = 8\text{м} = 800 \text{ см}$$

$$x_{01} = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым\ 01}}\right) + 0.0157 = 0.144 \lg\left(\frac{800}{2.8}\right) + 0.0157 = 0.36$$

$$b_{01} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{орт}/r_{сым\ 01})} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{800}{2.8}\right)} = 3 \cdot 10^{-6} \text{ См/км}$$

$$R_{01} = r_{01} \cdot l = 1.97 \cdot 170 = 323 \text{ Ом}$$

$$X_{01} = x_{01} \cdot l = 0.36 \cdot 170 = 61.2 \text{ Ом}$$

$$B_{01} = b_{01} \cdot l = 3 \cdot 10^{-6} \cdot 170 = 510 \cdot 10^{-6} \text{ См}$$

$$Q_{01} = \frac{1}{2} U_{ном}^2 \cdot B_{01} = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 510 \cdot 10^{-6} = 12.3 \text{ МВар}$$

1-2 аймағы үшін салыстырмалы параметрлері есептелінеді

$$r_{12} = \frac{31.52}{10} = 3.1 \text{ Ом/км}$$

$$r_{сым\ 12} = \frac{4.5}{2} = 2.25 \text{ см}$$

$$D_{орт\ 12} = \sqrt[3]{1.25 \cdot 1.25 \cdot 1.25} = 1.25\text{м} = 125 \text{ см}$$

$$x_{12} = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сым } 12}}\right) + 0.0157 = 0.144 \lg\left(\frac{125}{2.25}\right) + 0.0157 = 0.26 \text{ Ом/км}$$

$$b_{12} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{опт}}/r_{\text{сым } 01})} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{125}{2.25}\right)} = 4.3 \cdot 10^{-6} \text{ См/км}$$

$$R_{12} = r_{12} \cdot l = 3.1 \cdot 30 = 93 \text{ Ом}$$

$$X_{12} = x_{12} \cdot l = 0.26 \cdot 30 = 7.8 \text{ Ом}$$

$$B_{12} = b_{12} \cdot l = 4.3 \cdot 10^{-6} \cdot 30 = 129 \cdot 10^{-6} \text{ См}$$

$$Q_{12} = \frac{1}{2} U_{\text{ном}}^2 \cdot B_{12} = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 129 \cdot 10^{-6} = 3.1 \text{ МВар}$$

2-3 аймағы үшін салыстырмалы параметрлері есептелінеді

$$r_{23} = \frac{31.52}{16} = 1.97 \text{ Ом/км}$$

$$r_{\text{сым } 23} = \frac{5.6}{2} = 2.8 \text{ см}$$

$$D_{\text{опт } 23} = \sqrt[3]{10 \cdot 10 \cdot 10} = 10 \text{ м} = 1000 \text{ см}$$

$$\begin{aligned} x_{23} &= 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сым } 23}}\right) + 0.0157 = 0.144 \lg\left(\frac{1000}{2.8}\right) + 0.0157 \\ &= 0.38 \text{ Ом/км} \end{aligned}$$

$$b_{23} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{опт}}/r_{\text{сым } 23})} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{1000}{2.8}\right)} = 2.97 \cdot 10^{-6} \text{ См/км}$$

$$R_{23} = r_{23} \cdot l = 1.97 \cdot 20 = 39.4 \text{ Ом}$$

$$X_{23} = x_{23} \cdot l = 0.38 \cdot 20 = 7.6 \text{ Ом}$$

$$B_{23} = b_{23} \cdot l = 2.97 \cdot 10^{-6} \cdot 20 = 59.4 \cdot 10^{-6} \text{ См}$$

$$Q_{23} = \frac{1}{2} U_{\text{НОМ}}^2 \cdot B_{01} = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 59.4 \cdot 10^{-6} = 0.35 \text{ МВар}$$

3-1 аймағы үшін салыстырмалы параметрлері есептелінеді

$$r_{31} = \frac{31.52}{95} = 0.33 \text{ Ом/км}$$

$$r_{\text{СЫМ } 31} = \frac{13.5}{2} = 6.75 \text{ см}$$

$$D_{\text{ОРТ } 31} = \sqrt[3]{5 \cdot 5 \cdot 5} = 5 \text{ м} = 500 \text{ см}$$

$$x_{31} = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{ОРТ}}}{r_{\text{СЫМ } 31}}\right) + 0.0157 = 0.144 \lg\left(\frac{500}{6.75}\right) + 0.0157 = 0.28 \text{ Ом/км}$$

$$b_{31} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{ОРТ}}/r_{\text{СЫМ } 31})} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{500}{6.75}\right)} = 4.07 \cdot 10^{-6} \text{ См/км}$$

$$R_{31} = r_{31} \cdot l = 0.33 \cdot 40 = 13.2 \text{ Ом}$$

$$X_{31} = x_{31} \cdot l = 0.28 \cdot 40 = 11.2 \text{ Ом}$$

$$B_{31} = b_{31} \cdot l = 4.07 \cdot 10^{-6} \cdot 40 = 162.8 \cdot 10^{-6} \text{ См}$$

$$Q_{31} = \frac{1}{2} U_{\text{НОМ}}^2 \cdot B_{31} = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 162.8 \cdot 10^{-6} = 0.98 \text{ МВар}$$

Тұйықталған жүйенің электр беріліс желісінің параметрлері 1.4-кестеде көрсетілген.

1.4-кесте-Тұйықталған жүйенің электр беріліс желісі

Аймақтар	r_n , Ом/км	R_n , Ом	x_n , Ом/км	X_n , Ом	b_n , См/км	B_n , См	$Q_{сн}^k$, МВар
0-1, L=170км	1.97	323	0.36	47.6	$3 \cdot 10^{-6}$	$510 \cdot 10^{-6}$	12.3
1-2, L=30км	3.1	93	0.26	7.8	$4.3 \cdot 10^{-6}$	$129 \cdot 10^{-6}$	3.1
2-3, L=20км	1.97	39.4	0.38	7.6	$2.97 \cdot 10^{-6}$	$59.4 \cdot 10^{-6}$	0.35
3-1, L=45км	0.33	13.2	0.28	11.2	$4.07 \cdot 10^{-6}$	$162.8 \cdot 10^{-6}$	0.98

1.7 Ажыратылған жүйе учаскісіндегі қуат таралуын есептеу

Желінің әрбір бөлігіндегі токтары анықталады:

$$I_{ec} = \frac{S_{ном}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}},$$

$$I_{01} = \frac{\sqrt{50^2 + 24^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 140 \text{ A}$$

$$I_{02} = \frac{\sqrt{30^2 + 14.4^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 170 \text{ A}$$

$$I_{03} = \frac{\sqrt{37^2 + 17.6^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 210 \text{ A}$$

Экономикалық қима токтың экономикалық тығыздықтары нормаланған мәніне сай таңдалады.

$$S_{эк} = \frac{I}{j_{эк}},$$

мұндағы $j_{эк}$ – токтың экономикалық тығыздығы, ол ($j_{эк}=1,5 \text{ A/mm}^2$) тең.

$$S_{эк01} = \frac{140}{1.5} = 93.3 \text{ мм}^2$$

Табылған мәнге сәйкес АС-95/16 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 330 \text{ A}$$

Сымның қимасы есептеледі

$$S_{\text{эк02}} = \frac{170}{1.5} = 113.3 \text{ мм}^2$$

Табылған мәнге сәйкес АС-120/19 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 390 \text{ A}$$

Сымның қимасы есептеледі

$$S_{\text{эк03}} = \frac{210}{1.5} = 140 \text{ мм}^2$$

Табылған мәнге сәйкес АС-150/19 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 450 \text{ A}$$

1.8 Тұйықталған жүйе үшін электр беріліс желілерінің максималды жүктемелердегі алмастыру схемасы және шығындары

1-2 аймақ үшін

$$S_{12} = 67.53 + j(27.21 - 3.1) = 67.53 + j 24.11$$

$$\Delta P_{12} = \frac{67.53^2 + 24.11^2}{220^2} \cdot 93 = 9.8 \text{ МВт}$$

$$\Delta Q_{12} = \frac{67.53^2 + 24.11^2}{220^2} \cdot 7.8 = 0.82 \text{ МВт}$$

$$S_{12} = (67.53 + 9.8) + j(24.11 + 0.82) = 77.33 + j 24.93$$

$$S_{12} = 77.33 + j(24.93 - 3.1) = 77.33 + j 21.83$$

$$S_{31} = (77.33 + 30) + j(21.83 + 14.4) = 107.33 + j 36.23$$

2-3 аймақ үшін

$$S_{23} = 16.6 + j(3.73 - 0.35) = 16.6 + j 3.38$$

$$\Delta P_{23} = \frac{16.6^2 + 3.38^2}{110^2} \cdot 39.4 = 0.93 \text{ МВт}$$

$$\Delta Q_{23} = \frac{16.6^2 + 3.38^2}{110^2} \cdot 7.6 = 0.18 \text{ МВт}$$

$$S_{23} = (16.6 + 0.93) + j(3.38 + 0.18) = 17.53 + j 3.56$$

$$S_{23} = 17.53 + j(3.56 - 0.35) = 17.53 + j 3.21$$

$$S_{12} = (17.53 + 50) + j(3.21 + 24) = 67.53 + j 27.21$$

3-1 аймақ үшін

$$S_{31} = 107.33 + j(36.23 - 0.98) = 107.33 + j 35.25$$

$$\Delta P_{31} = \frac{107.33^2 + 35.25^2}{110^2} \cdot 13.2 = 13.77 \text{ МВт}$$

$$\Delta Q_{31} = \frac{107.33^2 + 35.25^2}{110^2} \cdot 11.2 = 11.6 \text{ МВт}$$

$$S_{31} = (107.33 + 13.77) + j(35.25 + 11.6) = 121.1 + j 46.85$$

$$S_{31} = 142.58 + j(46.85 - 0.98) = 142.58 + j 45.87$$

1.9 Желідегі қысқа тұйықталу тогын табу және параметрлеріне сәйкес аппараттар таңдау (Қ Т)

Салыстырмалы бірлікте базистік қуат

$$S_6 = 100 \text{ МВА}$$

Базистік кернеу

$$U_{\text{баз KI}} = 230 \text{ кВ}$$

$$U_{\text{баз KI}} = 121 \text{ кВ}$$

$$U_{\text{баз KI}} = 6.6 \text{ кВ}$$

Генератордың кедергісі

$$X_{\Gamma^*} = x'_d \frac{S_{\text{б}}}{S_{\text{НГ}}} \quad (1.10)$$

мұндағы X_{Γ^*} - генератор кедергісі

x'_d - аса өтпелі индуктивті кедергі

$S_{\text{б}}$ - базистік қуат, МВА

$S_{\text{НГ}}$ - генератордың номиналды қуаты, МВА

(1.10) формулаға сәйкес

$$X_{\Gamma^*} = 0.3 \cdot \frac{100}{125} = 0.24$$

Желілердің кедергілері:

$$X_{\text{Л}} = x_0 l \cdot \frac{S_{\text{б}}}{U_{\text{б}}^2} \quad (1.12)$$

(1.12) формулаға сәйкес

$$X_{\text{Л}} = 0.4 \cdot 170 \cdot \frac{100}{230^2} = 0.12$$

Трансформатордың кедергілері

$$X_{\text{тр}} = \frac{U_{\text{кз}}}{100} \cdot \frac{S_{\text{б}}}{S_{\text{НГ}}} \quad (1.13)$$

мұндағы $X_{\text{тр}}$ - трансформатордың кедергілері;

$U_{\text{кз}}$ - трансформатордың қысқа тұйықталу кернеуі;

$S_{\text{НГ}}$ - трансформатордың қуаты.

Әр орамның қысқа тұйықталу кернеулері анықталады

$$U_{K1} = 0.5 \cdot (U_{(ЖК-ОК)} + U_{(ЖК-ТК)} - U_{(ОК-ТК)}) \quad (1.14)$$

$$U_{K1} = 0.5 \cdot (U_{(ЖК-ОК)} + U_{(ЖК-ТК)} - U_{(ОК-ТК)})$$

$$U_{K1} = 0.5 \cdot (U_{(ЖК-ОК)} + U_{(ЖК-ТК)} - U_{(ОК-ТК)})$$

(1.14) формулаға сәйкес

$$U_{K1} = 0.5 \cdot (11 + 31 - 19) = 11.5\%$$

$$U_{K2} = 0.5 \cdot (19 + 11 - 31) = -0.2\% \approx 0\%$$

$$U_{K3} = 0.5 \cdot (31 + 19 - 11) = 19.5\%$$

(1.13) формулаға сәйкес

$$X_{ТЖ} = \frac{11.5 \cdot 100}{100 \cdot 125} = 0.092$$

$$X_{ТО} = 0$$

$$X_{ТТ} = \frac{19.5 \cdot 100}{100 \cdot 125} = 0.156$$

Қысқа тұйықталу нүктесіне дейінгі нәтижелік кедергі

$$X_{резб*} = X_{Г*} = 0.24 \quad (1.15)$$

$$x_{кос2} = X_{Г*} + X_{Л} + X_{ТЖ} + X_{ТО} \quad (1.16)$$

(1.15)-(1.16) формулаларға сәйкес

$$X_{резб*} = 0.24 + 0.12 + 0.092 + 0 = 0.452$$

$$x_{кос3} = X_{Г*} + X_{Л} + X_{ТЖ} + X_{ТТ} \quad (1.17)$$

(1.17) формулаға сәйкес

$$X_{резб*} = 0.24 + 0.12 + 0.156 + 0.092 = 0.608$$

Нүктелердегі базистік токты табу

$$I_{\text{Г1}} = \frac{S_{\text{Г}}}{\sqrt{3} \cdot U_{\text{Г}}} \quad (1.18)$$

(1.18) формулаға сәйкес

$$I_{\text{Г1}} = \frac{100}{\sqrt{3} \cdot 230} = 0.25 \text{ кА}$$

$$I_{\text{Г2}} = \frac{100}{\sqrt{3} \cdot 121} = 0.47 \text{ кА}$$

$$I_{\text{Г3}} = \frac{100}{\sqrt{3} \cdot 6.6} = 8.75 \text{ кА}$$

К1 және К2 нүктелердің ҚТ токтары

$$I_{\text{кз}} = \frac{I_{\text{Г}}}{X_{\text{рез}}} \quad (1.19)$$

(1.19) формулаға сәйкес

$$I_{\text{к-1}} = \frac{0.25}{0.24} = 1.04 \text{ кА}$$

$$I_{\text{к-2}} = \frac{0.47}{0.452} = 1.03 \text{ кА}$$

$$I_{\text{к-3}} = \frac{8.75}{0.608} = 14.39 \text{ кА}$$

Қысқа тұйықталу тогынан пайда болатын соққы топтар:

$$i_{y.t=0} = k_{yд} \cdot \sqrt{2} \cdot I_{\text{кз } t=0} \quad (1.20)$$

(1.20) осы формулаға сәйкес

$$i_{y.t=0} = 1.78 \cdot \sqrt{2} \cdot 1.04 = 2.61 \text{ кА}$$

$$i_{y,t=\infty} = 1.78 \cdot \sqrt{2} \cdot 1.03 = 2.58 \text{ кА}$$

